

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Ата-аналармен жұмыс жинағы
№9 «Балапан» ортаңғы тобы
2025-2026 оқу жылы



Тәрбиешілер: Исмаилова А.А. Сәбитова А.С.

Ақтөбе қаласы, 2026жыл

Бекітілді:
 №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы
 меңгерушісі: Карабалдина А.Е.
 «31» «08» 2025ж.

№9 «Балапан» ортаңғы тобының ата-аналармен жұмыс жоснары
 2025-2026 оқу жылы

№	Шаралар	Мерзімі	Өтілу әдісі	Жауаптылар
1	Ата-аналар жиналысы ✓ «Бала біздің – болашағымыз!» ✓ «Баланың балабақшаға бейімделуі» ✓ «Жанұяның әлеуметтік паспорты»	Қыркүйек	Жиналыс Баяндама Сауалнама	Тәрбиешілер Психолог
2	✓ «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» ✓ «Күз алтын сиқыршы» ✓ «Күз сыйы» ✓ «Қазақстан Республикам менің»	Қазан	Видеоролик Көрме Жәрмеңке Сурет көрмесі	Ата-аналар Ата-аналар Тәрбиешілер
3	✓ «Тұмаудан сақтанудың жолдары» ✓ «Балалардың сөйлеуіне телефонның кері әсері»	Қараша	Жылжымалы папка Кеңес	Медбике Тәрбиешілер
4	Ата-аналар жиналысы ✓ Баяндама: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» ✓ «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік!» ✓ «Шырша ойыншықтары» ✓ «Жасыл шырша жанында»	Желтоқсан	Жиналыс Мерекелік шара Көрме Ертеңгілік	Тәрбиешілер Тәрбиешілер Музыка жетекшісі Ата аналар Тәрбиешілер
5	✓ «Сактансаң, сак боларсың!» қауіпсіздік ережелері ✓ Жұкпалы аурулардың алдын алу («Тұмау ауруы», «Желшешек») ✓ «Ата өнегесі ұрпаққа аманат»	Қаңтар	Жылжымалы папка Кеңес Аталар мектебі	Тәрбиешілер Медбике Тәрбиешілер
6	✓ «Жаңа өмір сыйлайық!» Қалдық заттардан жасалған қол өнер бұйымдары ✓ «Өнерлі ана – өнегелі ұрпақ» аналар мектебі	Ақпан	Көрме Аналар сайысы	Ата-аналар Тәрбиешілер
7	✓ «Анашым – алтын жүрек!» ✓ «Берекелі – шанырақ» аналар мектебі ✓ «Наурыз – жыл басы»	Наурыз	Ертеңгілік Зияткерлік-танымдық шара Мерекелік шара	Тәрбиешілер Ата-аналар Тәрбиешілер
8	✓ «Бала, отбасы, балабақша» ✓ «Мен ғарышкер боламын»	Сәуір	Ашық есік күні Сурет көрмесі	Тәрбиешілер Ата-аналар
9	Ата -аналар жиналысы ✓ «Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс» ✓ «Табиғатты аялау бәріміздің ортақ міндетіміз»	Мамыр	Жиналыс Ертеңгілік Ертеңгілік Акция	Тәрбиешілер Музыка жетекшісі Ата-аналар

№ 41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Ата-аналар жиналысы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

Тақырыбы: «Бала - біздің болашағымыз!»

Тәрбиешілер: **Исмаилова А.А.**
Құдайберген А.А

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Бала – біздің болашағымыз!»

Максаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Ата — ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Баланың бас ұстазы ата-ана екендігін, отбасы мен балабақша бірлестігі мен байланысын ұйымшылдығын нығайту. Ұлттық салт дәстүрлерімізді бойларына сіңіртіп өсіруге шақыру. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен жақын таныстыру.

Күн тәртібінде:

1. Сәлемдесу тренингі: «Сиқырлы іздер»
2. «Ваучерлік жүйе қалай жұмыс істейді?» меңгеруші А.Е. Карабалина
3. Танысу тренингі: «Шындық, жалған» ойыны.
4. «Балаңыздың балабақшаға бейімделуі» баяндама.
5. Ата-ана, тәрбиеші, бала – пікір айту
6. «Вирустық аурулардың алдын алу шаралары» медбике З.Т. Бурханова
7. «Гүл сыйлайық» тренинг ойыны.
8. Ата-аналар комитетін сайлау.
9. Әр түрлі мәселелер.

Керекті көрнекі құралдар: түрлі түсті аяқ іздерінің суреті, жасыл, қызыл, көк түсті скатерт, гүл.

Жиналыс барысы:

1.Топқа кіру.Ата -аналар топқа көңілді сұрақтарға жауап беріп, «сиқырлы іздерді» басу арқылы топқа кіреді.

2.Алғы сөз: Балабақша меңгерушісі А.Е.Карабалинаға беріледі.

3.Танысу «Шындық, жалған» ойыны ойналады. Ата-аналар өзі туралы бір шын, бір жалған ақпарат береді, қалған ата -аналар қайсысы шындық, қайсысы жалған айтылғанын табады.

Кіріспе сөз:

4.«Баланыздың балабақшаға бейімделуі» баяндаманы оқитын тәрбиеші Құдайбергел А.А.

5. Ата-ана, тәрбиеші, бала – пікір айту. Үш топқа бөлінеді баланың өсуіне әсерін өз пікірлерімен жаза отырып толық пікір айтады.

6. «Вирустық аурулардың алдын алу шаралары» және де басқа тазалық туралы медбике Бурханова З.Т.

Сауалнама: «жанұяның әлеуметтік жағдай» сауалнаманы толтырады.

Тәрбиеші: Армысыңдар, қадірлі менің ертегі әлемінен нәр алған көрмендерім! Бүгінгі мерекемізді көргендер де арманда, көрмегенде арманда!

Ерте, ерте, ертеде Қарлы үлкен шаһарға жаңа жыл мерекесін көруге ертегілер әлемінің барлық қонақтары үлкен залда бас қосады. Қонақтарымыздың бірі жаңа жыл мерекесін жыл сайын тойлап жүрсе, бірі мүлде жаңа жыл мерекесіне қатысып та көрмепті. Мен қазыр дүрбіммен қарап жіберейін. Кім келе жатыр екен? Ооо, келіп қалды әнекей, күймелерінен түсіп жатыр.

(Әдемі жаңа жылдық әуен ойнады, ортаға Ақшақар снежинкалармен кіреді)

Ақшақар: Амансыңдар ма, Қарлы шаһардың мерекесін өткізгелі отырған тұрғындары!

Келе жатқан Жаңа жыл мерекесі құтты болсын! Менде бүгін қарлы шаһарға қонақтар ертіп келіп тұрмын. Қонақтарымыз мерекені көруге асығып келді.

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер! Ендеше орнымызға жайғасайық!

(Музыкамен Микки Маус пен кішкентай гномдар кіреді)

Микки Маус: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Біз осы қарлы шаһарда жаңа жыл мерекесін тойлаудан еш қалмаймыз, мереке болатынын естіп, өз достарымды ертіп келдім. Солай ма достар?

Гномдар: (Барлық гномдар қосылып «ия» деп жауап береді).

Тәрбиеші: Олай болса не тұрыс, төрлетіңіздер! Қош келдіңіздер!

(Барлығы орындыққа отырады)

Тәрбиеші: Алыста келе жатқан кіп-кішкентай қыздар кім болды екен? Балалар қарайықшы, біздерге тағыда қонақтар келе жатыр!

(Қолымен мандайын көлеңкелеп алысқа қарайды)

Шырша анасымен келеді.

7. «Гүл сыйлайық» тренинг ойыны. Тренингке ата-аналар барлығы қатысады. Шенбер бойына тұрып, қолдарына гүл алып бір – біріне жылы сөздерін, жүрекжарды тілектерін, алған әсерлерімен бөліседі.

7. Ата-аналар комитетін сайлау. Ата-аналар бір ауыздан **комитет төрайымы** болып : Алиева Эка Гамлетовна тағайындалды.

Мүшелері: Бақытова Жанна Алтынбекқызы
Сагинбаева Алия Рыстаевна

8. Әр түрлі мәселелер бойынша әңгімелер жүргізілді. Тазалық, балабақша тәртібі туралы айтылды. Балабақшадан қалмау, уақытында келу керектігі айтылды.

№1 Ата – аналар жиналысы

Күні: 18.09.2025 жыл

Тобы: №9 «Балапан» ортаңғы топ

Тақырыбы: «Бала – біздің болашағымыз!»

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Ата — ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Баланың бас ұстазы ата-ана екендігін, отбасы мен балабақша бірлестігі мен байланысын ұйымшылдығын нығайту. Ұлттық салт дәстүрлерімізді бойларына сіңіртіп өсіруге шақыру. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен жақын таныстыру.



МКҚК № 41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Тәрбиеші: Құдайберген А.А.

2025-2026 оқу жылы

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында

психологпен балабақшаның медицина – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері

Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі - онегелі, жігерлі, дербестік, және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы.

Балаларды мектептегі оқуға бейімдеп, жетілдіруде психологиялық-педагогикалық диагностикаға қатысты негізгі жағдайларды белгілі бір қисынға келтіруге болады:

- Мектепке жетілдіру мен оқуға бейімдеу барысы деңгейінің өлшемдері, оқу бағдарламасындағы оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарымен байланысты болып табылады;
- Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;
- Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады.
- Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;
- Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады. Оқуға бейімделу әрекетін талдау психологиялық диагностиканың қолданылу бөлігін анықтайды. Балаларға психодиагностикалық зерттеулер жүргізгенде, мынандай моральді-этикалық сипаттамасы бар талаптар қойылады, олардың ең негізгілері:

1. Психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелері балаларға зиянын келтірмеуі керек.

2. Балаларға диагностикалық зерттеулер, тек балалардың өздерінің және олардың ата-анасының рұқсатымен жүргізілуі тиіс. Балалар мектепке баратын кезге дейінгі уақытта ата-аналар балаларынсыз рұқсат беруіне болады.

3. Ата-ана құқығынан айырылған ата-аналар өз балаларының психологиялық зерттеулерінің нәтижелерінің қорытындысын психолог маманнан білуге болады, сонымен бірге психолог, ата-аналарға өз балаларының

психологиясына тиісті білгісі келген сұрақтарына дұрыс және нақты жауапты беруі тиіс.

4. Психодиагностикалық зерттеудің нәтижесінде анықталған басқа факторлардан баланың тағдырын, яғни мектептегі оқуға бейімделуі мен тәрбие мүмкіндігін, ата-аналар мен психолог-педагогтардың пікірінсіз шешілмеуі тиіс.

5. Мектепке дейінгі мекемелер мен мектепте қызмет атқаратын психологтар психодиагностикалық жұмыстарды тәрбиешілер мен мұғалімдермен бірге тығыз байланыста болып атқаруы қажет.

Психодиагностикалық әдістердің көпшілігі мектепке баратын балалардың түсінігіне байланысты психологиясы мен физикалық жағынан сау балалардың, зерттелініп отырған қасиеттер дамуының орта деңгейін сипаттайды және осындай зерттеулердің нәтижелерінен ауытқуы бар балалардың да қасиеттерінің даму деңгейі де анықталады. Егер оның жеке көрсеткіштері нормадан жоғары болса, онда осы бала өзінің дамуы жағынан құрдастарынан жоғары болады, ал керісінше, егер оның жеке мәліметтері нормадан төмен болса онда құрдастарынан қалып қояды.

Психодиагностикада балалардың мектептегі оқуға қабілеттілігіне байланысты жүргізілетін эксперименттердің қиыншылығының ең бір негізгі себебі, баланың белгілі қабілеттерін психологтар тапсырма беру кезінде, осы тапсырманы орындауы оның қабілеттілігіне ғана байланысты болмайды, сонымен бірге, мотивацияға, мектептегі оқуға бейімделіп, қалыптасуына және дағдыларына байланысты.

Мектепке баратын балаларды зерттеу үстінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына барлық әдістерді қолдануға болады. Бірақ, кейбіреулері өте күрделі және арнайы бір құралдарды қажет ететіндері де кездеседі. Сондықтан практикада салыстырмалы жеңіл тесттерді сұрақнамаларды, бақылауды, құжаттарды талдауды және психодиагностикалық эксперименттерді қолданады.

Интеллектуалды тестте қоршаған ортаның әсерін ескеру қажет. Көптеген жеке тесттерде, баланың жеке қасиеттерін анықтау үшін қарастырылып зерттелген. Жаңа шарттарға бейімделу тесттің ең қажетті талабы. Белгілі бір жасқа арналған тесттер басқа

жастағы балаларға қолдануға болмайды. Балаларды мектептегі жағдайға жетілдіріп, оқуға бейімделу мәселелеріне байланысты психологтар мен педагогтардың көп жағдайларда ынтымақтастығы көрінеді, әсіресе мектеп практикасында психологиялық міндеттерді шешу маңызды жағдайда болады. Мектепке қабылданар баланың психологиялық даярлық деңгейін тексеру; диагноз қою;

дамыту жолдарын белгілеу – қысқа мерзімдік диагностикалық шара болып табылады. Осы даярлық диагностика мазмұнын үнемі жаңа ізденістермен жетілдіріп отыру – теорияның жемісі.

Сондықтан да мектепке психологиялық даярлықты анықтау мазмұнын теориялық ғылым, тәжірибелік іс-әрекет ретінде қарастырады.

- мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

- мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық процестерінің деңгейлерінің диагностикасы.

- баланы мектепке дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданудың психологиялық мүмкіндіктерін айқындау.

Зерттеу әдістері-танымдық процестерді зерттеуге арналған стандартты әдістер комплексі:

- түрлі әңгіме әдістерін қолдану.

- шағын тестік тапсырмалар

Баланы балабақшаға беру немесе бермеу жағдайы жанұяның барлық мүшелерінің эмоциялық күйіне, жанұяның маңызды мәселелеріне байланысты. Қазіргі уақытта көпшілік ата-ананы “Бала үшін балабақша қажет пе?” – деген сұрақ толғандырады. «Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленген бала мектепке тез бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа жақсы түседі, құрдастарымен қарым-қатынаста тәжірибе жинақтайды» – деген түсінік қалыптасқан.

Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психо-физиологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне, отбасылық қарым-қатынастарына, мектепке дейінгі мекемедегі қатысу шарттарына байланысты. Анасынан және жанұядан тыс жерде ересектер және өзге балалармен жаңа қарым-қатынас орнату бала үшін қиындық тудырады. Әр бала жаңа жағдайға әртүрлі бейімделеді. Мысалы, 2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс, өйткені анасымен құштарлық сезімі тығыз, анасының жоқ болғаны баланың қарқынды қарсылығын толғатады, әсіресе бала сезімтал болса. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

– Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен;

– Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы: қызылша, орамжапырақ, картоп;

– Балабақшаға келген алғашқы күндері 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

– Жеңіл түрі – баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді;

– Орташа ауырлық бейімделу -1 айдың ішінде;

– Ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін. Бала үшін өзінің отбасында өзін ұстау ережелері қалыптасып қалған. Балабақшаға келген күннен бастап үйреншікті өмір сүру ортасы өзгереді.

Бұл неден көрініс табады?

– Баланың эмоционалды жағдайы, ұйқысы, тәбеті нашарлайды;

– дене қызуы көтерілуі мүмкін;

– бала бойында қалыптасып қалған жақсы қасиеттерінің жоғалуы мүмкін;

– иммунитеттің төмендеуі, салмағының азаюы мүмкін. Бала ортаға бейімделгеннен кейін эмоционалды жағдайы қалпына келеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Психологтің кеңесі:

– Баланы балабақшаға апармас бұрын, оның өзге балалармен көбірек араласуына мән беріңіз. Балалар саябағына, ойын алаңдарына жиі ертіп барып тұрғаныңыз абзал. Құмда ойнауға, әткеншекте ұшуға үйретіңіз;

– Балаңыз баратын топтың тәрбиешісімен алдын ала танысып алыңыз. Баланың бойындағы жеке ерекшеліктерінен хабардар етіңіз;

– Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып, баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз;

– Баланың үйдегі жағдайда өзіне-өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, дәретке сұрану т.б;

– Баланы ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын.

– Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-ана жағынан болуы қажет. Балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп, балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.

– Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс: тәрбиешімен танысып, жаңа достар табу үшін.

– Бейімделу кезінде үйде демалыс күндері баламен көп шұғылдану керек.

– Балабақшаға бала тек ауырмай келуі қажет.

Психолог баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында бақылауға алады. Балабақшада баланың өзін еркін сезінуіне қажетті машықтарынан басқа, оның ұжымға араласуға психологиялық дайындығы да аса маңызды. Баланың көңілін ашық, жылтыр заттар өзіне аударады. Мысалы: сабын көпіршіктері, шарлар. Тәрбиешілер баланың назарын топтағы ойыншықтарға аудару қажет. Саусаққа киетін ойыншықтарды алып баламен сөйлесу, доппен ойын ұйымдастырып, жаңадан келген балаларды шақыру керек. Эмоция балалардың өмірінде маңызды роль атқарады. Олар шындықты ұғындыруға және дұрыс қарым-қатынас құруға көмектеседі. Сезім бет-әлпетімізде, іс-әрекетте, ым-ишарадан көрініп тұрады. Тәрбиешілер мен психологтардың балалармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты – баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны ой елегінен өткізіп баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аудартып, оларды өзіндік табиғи болмысымен қабылдап, ізгі-ниет, ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады. Баланың қабілеттерін ашуда, дамуында, бойындағы икемділіктерін байқауға, баланың психологиялық және жеке тұлғалық дамуындағы болатын кемшіліктерінің алдын алуда психологиялық көмектің маңызы зор.

Баланың балабақшаға бейімделуі оның жағдайы мен көңіл-күйінің тұрақтануы болып табылады. Балалар жаңа ережелерге, бір-бірімен сыйластыққа үйренеді. Ең бастысы, ата-ана баланың балабақшаға бейімделуіне өз ықыласы бар екенін түсінуі тиіс. Балабақшаға бейімделу мәселесі мерекеден, демалыстан және жанұяның ішкі жағдайлары өзгергенде (сәби дүниеге келгенде, анасы іс-сапарға кеткенде және т.б жағдайларда) қайта жалғасуы мүмкін. Балабақшада қалу уақытын азайтып, апта арасында үзіліс ұйымдастырумен шешуге болады. Балабақша туралы баламен әңгімелескенде, онда көп нәрсе үйренуге, баланың және тәрбиешісімен достасуға болатындығын айту қажет. Ата-ананың сенімділігі, жайлылығы балаға сенімділік берері сөзсіз. Үйдің жайлы және әдеттенген атмосферасынан ажырап, ол балабақшадан қажеттігін тауып, тәрбиешілермен балалармен жақсы қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Туындаған мәселелер бірдей болуы мүмкін, бірақ әр ата-анада одан шығу жолдары әртүрлі.

Егер де баланыз жоғарыда айтылған машықтардың бәріне әдеттенген болса, онда ол балабақшаға баруға толығымен дайын. Дегенмен де, баланы балабақшаға дайындауға көбірек уақыт бөлсеңіз, оның жаңа өмірге бейімделуі оңай болмақ.

Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау сауалнамасының қорытынды парағы
2025-2026 оқу жылы

№9 «Балапан»	Жалпы бала саны	Аз балалы отбасы	Көп балалы отбасы	Қамқорлыққа алынған бала саны	Ата-ананың													Жеке тұрғын үй			Балалардың балабақшадан тыс мекемеге қатысуы.		Отбасы құрамы		Отбасы жағдайы	
					Жасы						Білімі							Пәтер бар	Жалдамалы пәтерде	Ата-аналармен бірге	Қатысады	Қатыспайды	Толық	Толық емес	Жақсы	Орташа
					Әке 34			Ана 34			Әке		Ана													
					20-25	26-35	36-45	20-25	26-35	36-45	45-55	Жоғары	Арнаулы орта	Орта	Жоғары	Арнаулы орта	Орта									
26	22 85 %	4 15 %	-	-	15	8	1	-	18	7	1	15	-	9	17	-	9	14	3	9	18	8	24	2	23	3
					63 %	33 %	4 %		69 %	27 %	4 %	63 %		37 %	65 %		35 %	54 %	11%	35 %	69%	31%	92%	8%	88 %	12%

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша психологі: Айжанова А.К

1-қазан халықаралық қарттар күнінде балаларға тақырыптық іс-әрекет өткізіліп, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» тақырыбында әлеуметтік желіде видеороликтер жарияланды



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы
«Күз – алтын сиқыршы» көрмесі

Тәрбиешілер: Құдайберген А.А.
Исмаилова А.А.

2025 – 2026 оқу жылы

«Күз – алтын сиқыршы»

(эртүрлі заттардан безендірілген бұйымдардың көрмесі.)

№ 41 «Назерке» бөбекжай балабақшасында «Күз – алтын сиқыршы» атты эртүрлі заттардан жасалған қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып өтті.

Көрменің мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғи материалдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, күз мезгілінің ерекшеліктерін сезіндіру және ата-аналардың белсенділігін арттыру болды.

Аталған іс-шараға № 9 «Балапан» ортаңғы тобынан 15 бала қатысып, өз қолдарымен ата – аналарының көмегімен дайындалған түрлі бұйымдарын ұсынды. Балалардың жұмыстарында табиғи материалдар (жапырақтар, жемістер, көкөністер), тұрмыстық және түрлі декоративті заттар қолданылып, әр туындының өзіндік ерекшелігі, идеясы мен көркемдік талғамы байқалды.

Көрме балабақша ұжымының, балалардың және ата-аналардың үлкен қызығушылығын тудырып, тәрбиелік және дамытушылық маңызы жоғары іс-шара ретінде атап өтілді.

Көрмеге өз бұйымдарын ұсынған балалар жүлделі I, II, III орындармен марапатталды.



2025 жыл

«Күз сыйы» атты меркелік жәрмеңке барысында тәрбиеленушілер күз мезгілінің сыйларын таныстырып, түрлі кейіпкерлер бейнесінде өнер көрсетті. Балалар ән айтып, би билеп, қызықты ойындарға қатысты. Меркелінің мақсаты – балаларға күз байлығын таныту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Белсене қатысқан бүлдіршіндер мен ата-аналар марапатталды.



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

«Күз сыйы» күзгі жәрмеңке

Тәрбиешілер: Құдайбергел А.А.

Исмаилова А.А.

2025-2026 оқу жылы

«Күз сыйы» күзгі жәрмеңке

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасында «Күз сыйы» атты күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды.

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, табиғат байлығын танып – білуге қызығушылығын арттыру және ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізу.

Жәрмеңке барысында әр топ өз қиялдары мен еңбектерін көрсете отырып, жемістер мен көкөністерден жасалған ерекше киім үлгілерін дайындады. Сонымен қатар, ата – аналар фитосусындар, көкөністерден, жемістерден, ұн өнімдерінен әзірленген түрлі дәмдер ұсынып, жәрмеңкенің көркін ашты.



№9 «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиеленушілері «Құлпынайлар» тақырыбында киініп, балалар мерекелік көңіл күймен өнер көрсетті. Топтың аналары өз қолдарымен дайындаған ұннан жасалған тағамдарды жәрмеңкеге ұсынып, шараның мазмұнын ашты.

Жәрмеңке жоғары деңгейде өтіп, балалар мен ата-аналарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Белсене қатысқан әрбір топтың тәрбиеленушілері мен ата – аналары мадақтама, алғыс хаттармен марапатталды.



2025 жыл

№9 «Балапан» тобы тәрбиеленушілері іс шаралар жоспарына сәйкес Республика күніне орай «Қазақстан Республикам менің!» тақырыбында сурет көрмесіне белсене қатысты. Көрмеге балалар ата аналарының көмегімен салған суреттерін орналастырып, өз әсерлерімен бөлісті. Балаларды өз Отанын құрметтеуге, сүйеге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған көрме қатысушылары марапатталды.



№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

Жаса, жайна Қазақстан!

Тәрбиешілер: Құдайберген А.А.

Исмаилова А.А.

2025-2026 оқу жылы

Жаса, жайна Қазақстан!

Күні: 22.10.2025

Тобы: №9 «Балапан» ортаңғы тобы

– Шаттық шеңбері

Қазақстан – туған ел,
Бейбіт жатқан кең өлкем.
Көк туымен көктеген,
Елім менің, көкте сен!

Балалар бір-біріне жылы лебіз айтады.

– Бүгін біз 25 қазан – Конституция күні мерекесіне арналған «Жаса, жайна Қазақстан!» атты ерекше сабақ өтеміз.
– Конституция – еліміздің барлық ережелері жазылған басты заң екенін айту.

Балаларға сұрақтар:

- Қазақстан қандай ел?
- Еліміздің рәміздерін атап бер.

2. Мемлекеттік рәміздермен таныстыру

Ту: көк түс – кең аспан, еркіндік; күн – жарық; қыран – биік арман.
Елтаңба: шаңырақ – бірлік; пырақтар – күш; жұлдыз – жарқын болашақ.
Әнұран: еліміздің басты әні.

3. Сергіту сәті – «Көк туым желбіре!»

Жалаушалармен қимыл-қозғалыс ойыны.

Дидактикалық ойын: «Рәмізді таны»

Тәрбиеші рәміздердің суреттерін көрсетеді.
Балалар: не екенін, мағынасын айтады.

IV. Шығармашылық жұмыс – Дәстүрден тыс сурет салу

Тақырыбы: «Менің алақаным – менің Туым»

Жұмыс барысы:

1. Тәрбиеші балаларға көк гуашь береді.
2. Балалар алақандарын көк бояуға малып, ақ қағаз бетіне алақан ізін қатарлап басады – бұл Тудың көк түсін бейнелейді.
3. Сары бояумен дөңгелек күн бейнесін салу (губка немесе саусақпен).
4. Қалаған бала қыранды саусақпен не қылқаламмен толықтырады.

Нәтиже: әр баланың өз қол таңбасымен жасалған ерекше Қазақстан Туы шығады.

Тәрбиеші балаларды мадақтайды:

«Өте әдемі ту шықты!»

«Өз қолыңмен жасаған ту – ерекше!»

Балалардың жауаптары арқылы бекіту сұрақтары:

- Конституция деген не?
- Туда қандай бейнелер бар?
- Бүгін қандай сурет салдық?

Бейбітшілік орнасын!

«Бағдаршам» әдісі

Балалар түстерді таңдайды:

- Жасыл – бәрін түсіндім, көңілді болдым
- Сары – аздап қиналдым
- Қызыл – маған қиын болды





Анықтама

«Тұмаудан сақтанудың жолдары» тақырыбында медбике ата аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, кеңестер айтты, топта осы тақырып бойынша жылжымалы папка жасақталды.



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

**№9 «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың сөйлеуіне телефонның кері әсері!
Кенес**

Өткізген: Құдайберген А.А. Исмаилова А.А.

Ақтөбе, 2025жыл.

Балалардың сөйлеуіне телефонның кері әсері

Қазіргі таңда смартфон мен планшет балалар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Телефонды шамадан тыс пайдалану баланың сөйлеу тіліне, ойлау қабілетіне және қарым-қатынас жасау дағдыларына кері әсер етуі мүмкін. Әсіресе ерте жастағы балалар үшін ата-анамен тікелей сөйлесу, ойын ойнау және кітап оқу өте маңызды.

Телефонның сөйлеуге тигізетін кері әсерлері

- Сөздік қорының азаюы – бала экранға көп уақыт бөлген сайын үлкендермен сөйлесу уақыты азаяды.
- Дыбыстарды дұрыс айтпау – сөйлеу дағдысы кеш қалыптасып, кей дыбыстарды айтуда қиындықтар туындауы мүмкін.
- Қарым-қатынас дағдыларының төмендеуі – бала эмоцияны жеткізу, сұрақ қою, пікір айту қабілеттерін аз қолданады.
- Назардың тұрақсыздығы – телефондағы жылдам өзгеретін бейнелер баланың зейінін әлсіретеді.
- Ұйқы режимінің бұзылуы – ұзақ экран қарау жүйке жүйесіне әсер етіп, шаршау мен ашушаңдық тудырады.

Ата-аналарға кеңес

1. 2–5 жас аралығындағы балаларға телефон уақытын шектеу.
2. Баламен күнделікті сөйлесіп, ертегі оқып беру.
3. Ортақ ойындар ұйымдастырып, сұрақ-жауап арқылы тілін дамыту.
4. Телефонды тамақ ішкенде немесе ұйықтар алдында қолдандырмау.
5. Баланың жанында өзіңіз де телефонды аз қолдануға тырысу.
6. Таза ауада серуендеу мен белсенді ойындарға көбірек көңіл бөлу.

Қорытындылай келе, телефонды дұрыс әрі шектеулі пайдалану – баланың дұрыс сөйлеуі мен жан-жақты дамуы үшін маңызды.

Балаға ең қажеттісі – ата-ананың жылы сөзі, бірге өткізген уақыты және тірі қарым-қатынас.



ТЕЛЕФОННЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАМУЫНА КЕРІ ӘСЕРІ

Телефон – пайдалы құрал болғанымен, оны шамадан тыс пайдалану баланың сөйлеу тілі мен жалпы дамуына теріс әсер етуі мүмкін.



СӨЙЛЕУДІҢ КЕШІГУ

Бала дайын ақпаратты көреді, бірақ сөйлесуге, өз ойын айтуға үйренбейді.



СӨЗ ҚОРЫНЫҢ АЗАЮУ

Тікелей қарым-қатынас азайған сайын, баланың жаңа сөздерді меңгеруі баяулайды.



ТЫҢДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНУДІҢ НАШАРЛАУЫ

Телефон баланың зейінін бөліп, тыңдау дағдысы мен түсіну қабілетін әлсіретеді.



ДИАЛОГҚА ТҮСУДІҢ ҚИЫНДАУЫ

Бала экранға үйреніп қалады да, нақты сөйлесуден қашады, ұялшақ немесе тұйық болуы мүмкін.



ЗЕЙІН МЕН ЕС ТҮТУДЫҢ ТӨМЕНДЕУІ

Шамадан тыс экран уақыты зейінің тұрақсыз болуына және ақпаратты еске сақтаудың нашарлауына әкеледі.




Есте сақтаңыз!

Ерте жастағы баланың сөйлеу дамуы – оның болашақ табысының негізі

АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

- ✓ Баламен көбірек сөйлесіңіз, сұрақ қойыңыз, оның ойын тыңдаңыз.
- ✓ Ертегі оқыңыз, бірге кітап қараңыз.
- ✓ Телефонды күнделікті өмірде қажетсіз пайдалануға жол бермеңіз.
- ✓ Экран алдында өткізетін уақытқа шектеу қойыңыз. (2–5 жас: күніне 30–60 минуттан аспау ұсынылады).
- ✓ Баламен бірге ойындар ойнаңыз, шығармашылыққа уақыт бөліңіз.
- ✓ Отбасылық ортада телефонсыз уақытты көбейтіңіз.



Баланы түсіну, онымен сөйлесу және уақыт өткізу – оның тілінің дамуына ең үлкен үлес!

Баланың болашағы – бүгінгі біздің таңдауымызда!

БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІНЕ ТЕЛЕФОННЫҢ КЕРІ ӘСЕРІ

Баланың сөйлеу дамуы – ата-ана мен ортаның ортақ жауапкершілігі!



ТЕЛЕФОНДЫҢ ОРНЫНА – ТІКЕЛЕЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС!



Сөйлесіңіз



Оқыңыз



Ойнаңыз

№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

Баяндама

«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Тәрбиешілер: Құдайберген А.А. Исмаилова А.А.

Ақтөбе қаласы, 2025-2026 оқу жылы

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Бала тәрбиесі – адамзат қоғамындағы ең маңызды мәселелердің бірі. Әрбір баланың болашағы, мінез-құлқы, өмірге деген көзқарасы ең алдымен отбасында қалыптасады. Сондықтан ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Отбасы – баланың алғашқы мектебі, ал ата-ана – оның алғашқы ұстазы. Бала дүниеге келген сәттен бастап ата-анасының қамқорлығын, мейірімін сезініп өседі. Сол себепті тәрбиенің негізі де отбасында қаланады.

Ата-ана баласына тек материалдық жағдай жасап қана қоймай, рухани тәрбие де беруі қажет. Баланың бойына адамгершілік қасиеттерді, сыйластықты, еңбекқорлықты, адалдықты сіңіру – ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Егер ата-ана өз ісімен үлгі көрсетсе, бала да соған қарап өседі. Халқымыз «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп бекер айтпаған. Яғни бала ата-анасының іс-әрекетін қайталайды.

Қазіргі таңда технологияның дамуы, әлеуметтік желілердің көбеюі бала тәрбиесіне үлкен әсер етуде. Көптеген балалар уақытын телефонмен өткізіп, ата-анамен қарым-қатынасы азайып барады. Осындай жағдайда ата-ананың балаға көңіл бөліп, онымен жиі сөйлесуі өте маңызды. Бала өзін тыңдайтын, түсінетін адам бар екенін сезінуі керек. Егер ата-ана баласымен ашық сөйлесіп, сырласып отырса, бала да өз ойын еркін жеткізе алады.

Сонымен қатар ата-ана баланың білім алуына да жауапты. Баланың сабаққа қызығушылығын арттыру, білімге ынталандыру – ата-ананың қолдауына байланысты. Баланы үнемі мақтап, жігерлендіріп отыру

оның өзіне деген сенімін арттырады. Ал керісінше, үнемі ұрысу немесе салыстыру баланың психологиясына кері әсер етеді. Сондықтан әрбір ата-ана баласының ерекшелігін ескеріп, оған түсіністікпен қарауы қажет.

Тәрбие барысында ата-ананың мейірімі мен талапшылығы қатар жүруі керек. Тек еркелетіп өсіру де, тым қатал болу да дұрыс емес. Балаға белгілі бір шектеулер қойып, сонымен бірге оны жақсы көретінін білдіріп отыру маңызды. Осындай тепе-теңдік бала бойында жауапкершілік пен тәртіпті қалыптастырады.

Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Ата-ана баласына салт-дәстүрді, үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды үйретуі тиіс. Өз тілін, мәдениетін құрметтеген бала елін де сүйеді. Сондықтан отбасында ұлттық тәрбиеге көңіл бөлу өте маңызды.

Қорытындылай келе, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі орасан зор. Тәрбиелі, білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеу – әрбір ата-ананың міндеті. Балаға мейірім мен қамқорлық көрсетіп, дұрыс бағыт беру арқылы ғана қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеуге болады. Болашақ ұрпақтың жарқын болуы – бүгінгі ата-ананың тәрбиесіне байланысты.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік!

№9 «Балапан» ортаңғы тобы



(мерекелік шара)

Өткізген: Құдайбергел А.А. Исмаилова А.А.

Ақтобе, 2025жыл.

«Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік»

Күні: 12.12.2025ж

Тобы: «Балапан» ортаңғы тобы

Мақсаты:

1.Білімділігі: Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.

2.Тәрбиелігі: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өміріне жауапкершілік сезімдерін ояту, патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

3.Дамытушылығы: балалардың өткен тарихқа деген қызығушылығын ояту.

Көрнекілігі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, Н.Ә. Назарбаевтың портреті, слайд, желтоқсан құрбандарының суреті. Жалаушалар. Шарлар, гүлдер, музыкамен жабдықталған.

Тәрбиеші: балалар бүгін біз Қазақстанымыздың Тәуелсіздік алған күнін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!

Әнұран орындалады (балалар орындарынан тұрады)

Тәрбиеші: Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізген жоқпыз.

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз. Біздің отанымызды әлем таныды. Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға берілесің. Бұл ұғымның аясы кең. Отан – далаң, орман, тауың, ауылың мен астанан.

Отан әр жұмыр басты пенденің киелі мекені, жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы. Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі. Қазіргі кезде сендер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар.

Енді сендерге сұрақ жауап қойып өтейін, кім жылдам жауап береді екен...

-Енді балалардың тәуелсіздік мейрамына жағтаған такпақтарымызды айтайық:

Мейірім:

Көк аспанда көкпеңбек,

Қазақстан жалауы

Көк емес ол тектен тек

Елдің ашық қабағы!

Ариана:

Жаса жайна гүл арман,

Сазды ән мен жыр дастан

Он алтыншы желтоқсан

Сенімен Тәуелсіз Қазақстан!

Алихан:

Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен-тек-
Елдің ашық қабағы

Халида:

Ақ ниеті – алтын күн,
Асқақ арман – қыраны.
Жалауы бұл — халқымның,
Мәртебесі, мақтаны.

Адилет:

Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат, әдемі!
Тұнығындай көңілдің, Ортада-аспан әлемі.

Тәрбиеші: Мерекеде ән айтпақа болмас балалар, солай ма, ендеше әсем әнімізді
шырқап өтейік

Ән: «Қазақстан»

Қазір балалар мемлекеттік рәмізіміз тудың бейнесін ұжымдық жұмыс ретінде
орындаймыз.

Ұжымдық жұмыс:

Тәрбиеші: Енді бір ойын ойнап жіберейік.

Ойын: «Күш сынасу»

Тәрбиеші: Біздің балалар «Жаса Қазақстан» биін билеп берейік

Би: флешмоб «Жаса Қазақстан»

Тәрбиеші: Рахмет сендерге балалар, осымен тәуелсіздік күніне арналған і
шарамыз аяқталды

Әрқашан бейбітшілік заман болсын,

Ел іргесі аман болсын.

Ертеңге жол ашағын,

Бүлдіршіндерім бақытты болсын!

Тақырыптық іс-әрекет



Тәуелсіздік – туғырым, елімнің еркіндігі!

Анықтама

№41» «Назерке» балабақшасында желтоқсан айындағы ата аналармен жұмыс жоспарына сәйкес барлық топтар арасында ұйымдастырылған «Шырша ойыншықтары» атты қолөнер байқауы өтті. «Балапан» ортаңғы тобының бүлдіршіндері байқауға белсене қатысып, әр түрлі табиғи материалдардан қолдан жасалған бұйымдар мен сурет туындыларын ата аналарымен бірге дайындап әкелді. Байқау қорытындысы бойынша белсене қатысқан топ бүлдіршіндері және олардың ата аналары алғыс хаттармен марапатталды.



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы



Тәрбиешілер: Құдайберген А.А. Исмаилова А.А.

Ақтобе, 2025жыл.

«Балапан» тобы
Жасыл шырша жанында!

Әуен косылып балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме құрметті Ата аналар, апайлар және кішкентай біздің ұл қыздарымыз жаңа жыл мерекесі құтты болсын. Жаңа жылды біз тойлап.

Шаттанамыз баріміз,

Өленде әзір ән әзір.

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, жаңа жыл деп келесі кезекті әнге берейік.

Ән: «Шыршаға бардық»

Жүргізуші: Балалар бізге қонаққа біреу келе жатқан сияқты, тыңдандаршы, бір дауыс естіп тұрмын.

Ол кім болды екен? Сендер де естідіңдер ме?

Музыкамен залға қоян секіріп келеді.

Қоян: Мен қоянмын, қоянмын,

Ақ түске мен бояндым.

Сәбіз берсең балалар,

Әдемілеп тоямын.

Секіремін, жүгіремін,

Сендерге қарай келемін.

Қоян: Қандай әсем шырша қандай әдемі балалар

Жүргізуші: Ұзын құлақ сұр қоян, сен қайдан келдің қайдан жүрсің

Қоян: Мен сендерді жаңа жыл мерекесімен құттықтауға келдім

Тәрбиеші: Олай болса қоян сен бізбен бірге жаңа жылды қарсы ал.

Қоян: Ия Ия бірге болуға келдім және өзіммен бірге жұмбақ ала келдім. Балалардың қаншалықты тапқырлықтарын көрейін.

Қоян жұмбақ жасырады

1. Тікен тікен тік тісті,

Қысы, жазы бір түсті.

Ол не балалар? Шырша

Шыршаларың анасы: Сәлеметсіңдер ме, қонақтар! Бұл мен ғой мен, Шыршалардың анасы көрмей тұрсыңдар ма, қыздарыма сенбей мерекеге өзім еріп келе жатырмын. Қыздарым Жаңа жылды алғаш көргелі тұр. Мұндай тойларға мен жібермеймін. Сондықтан бүгінгі Жаңа жыл мерекесіне қатысуға рұқсат берсеңіздер бізде бірге қатысамыз.

Тәрбиеші: Әрине, Шырша қыз төрлет, қонағымыз бол! Біздің шаһардағы керемет кештің куәсі боласыздар!

Тәбиеші: Қанекей балалар орнымыздан тұрып, ортаға жақындап дөңгелене тұрайық, Жаңа жылдық кешімізді бастайық!(балалар жарты шеңберге тұрады.)

Балалар жаңа жыл мерекесін тойлауға бізге кім жетіспейді, қарайықшы Қарлы шаһарымызда кім жоқ?

Балалар: Аяз Ата (хормен айқайлайды)

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар! Ал ендеше Аяз Атамызды қарсы алайық! Аяз Ата, Аяз Ата!

Аяз Ата: Амансыңдар ма, балақайларым? Қандай әсем, қандай сұлусыңдар! Қарлы шаһарыма қош келдіңіздер! Жаңа жыл мерекесіне келе алмай қалған балаларымның сыйлықтарын апарып беремін деп кішкене кешігіп қалдым! Сендерге де тәттілер мен қуаныш әкелдім. Менің қызым Ақшақарда осында екен ендеше балалар Жаңа жылдық кешімізді бастайық.

Тәбиеші: Қош келдіңіз, ортамызға! Төлетіңіз.

Тәрбиеші: балалар бүгінгі мерекемізді бастамас бұрын, шаһарымыздың сәнін келтіріп шыршамыздың әдемі шамдарын жағайық!

Бәріміз бірге: 1,2,3 шырша жарқырай түс – 2 рет

Ән: «Аппақ қар ұшты»

Тәрбиеші: Ертегілер елінен келген қонақтар өлең, жырларын ала келіпті. Олай болса өнерлерін тамашалайық:

Тақпақтар:

Әдемі: Жаңа жыл, Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Амир: Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аязата оралып.

Ариана: Тамаша, тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Тәрбиеші: біздің қонақтар бірінен бірі өткен өнерлі!

Ақшақар:

Ал енді қыздар ендеше не тұрыс жаңа жылдың сәнін келтірмейміз бе? Дайынсындар ма?

Хормен

Ия

Би: «Снежинка биі»

Ақшақар: балалар мен сіздерге ойын әкелдім ойнаймыз ба?

Ойын: «Қар лақтыру»

Тақпақтар:

Алпарслан: Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады, катады,
Жып-жылтыр боп жатады.

Мариям: Ән айтамыз, би билейміз,
Біз көңілді баламыз.
Тақпақ айтып, би билеп.
Аяз Атадан сыйлық аламыз

Әділет: Даланұр, қаланұр
Құтты болсын Жаңажыл
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Ән: «Жаңа жыл»(топ-топ басайық)

Микки Маус: бұл мерекеге менің достарымда құр қол
келмеді, ендеше ортаға гномдар биін тамашалаңыздар!

Би: «Гномдар»

Микки Маус: балалар меніңде әкелген ойыным бар, бірге
ойнайық.

Ойын: «Мұздарды жинау»

Тақпақтар:

Асылым: Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам он болсын
Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын

Алихан: Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

Адия: Жаңажыл, Жаңажыл,
Төгілсін жаңа нұр.
Сыйлығын сүйретіп,
Келді міне, Жаңа жыл!

Би: «Шырша»

Ән: «Жаңа жыл»

Шыршаның анасы: Менінде қызықты ойыным бар.

Ойын: «Күн мен түн»

Аяз ата:(сыйлық беру сәті) Балаларым жарадыңдар, тақпақ айтып, ән салып, би билеп көңілімді таптыңдар! Менің сендерге дайындаған сыйлығым ауыр, үлкен болған соң мен оларды сыйлықтарды жеткізуші постаматқа қалдырған болатынмын. Ол сыйлықтарды алу үшін менде арнайы сыйлық карталары бар осы карта арқылы сыйлықтарды аласыздар!(тәрбиешіге карточкаларды береді)

Тәрбиеші: Рақмет, Аяз ата! (Карточканы салып сыйлықтарын алады)

Аяз Ата: Ақшақар сарайымызға келген қонақтарды жақсылап шығарып салайық содан кейін бізде бізді күтіп жатқан жерлерге жолға шығайық.

Тәрбиеші: Қымбатты балалар, қонақтар! Бүгінгі біздің Қарлы шаһарда қонақ болған балабақшамыздың менгерушісі Карабалина Айжан Ержанқызына құттықтау сөз кезегі беріледі.

Тәрбиеші: Бүгінгі ертеңгілік бәрімізге шаттық сыйлады. Жаңа жыл бәрімізге денсаулық, бақыт, табыс әкелсін! Келе жатқан Жаңа Жыл құтты болсын! Аяз ата, ақшақар біздің де уақытымыз болды, бізде елімізге барайық! Келер жылы кездескенше!

Балалар көтеріңкі көңіл күймен залдан шығады.



Анықтама

«Сақтансаң сақ боларсың» тақырыбында балалар мен ата аналарға қауіпсіздік ережелері мен тәртіп, жол жүру ережесі туралы жаднама, жылжымалы папка әзірленіп, балаға тек қана жол жүру ережесін үйретіп қана қоймай, оларға ерте жастан бағдарлау мен байқауды да үйрету міндет екені еске салынды. Тәртіп дағдысын қалыптастырудың негізгі тәсілі ата аналардың, ересектердің тәртіпті сақтауына байланысты. Осы тақырыптар ата аналардың есіне салынып, жол жүру ережелерін қатаң сақтауға шақырылды.



№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

**Жұқпалы аурулардың алдын алу
(Тұмау және желшешек туралы кеңес)**

Медбике: Бурханова З.Т

Ақтөбе қаласы, 2025-2026 оқу жылы

Жұқпалы аурулардың алдын алу (Тұмау және желшешек туралы кеңес)

Жұқпалы аурулар – адамнан адамға тез таралатын қауіпті аурулардың бірі. Әсіресе балалар арасында тұмау мен желшешек аурулары жиі кездеседі. Бұл аурулар дер кезінде алдын алынбаса, денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан әрбір ата-ана мен тәрбиеші жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарын жақсы білуі қажет.

Тұмау – вирустық жұқпалы ауру. Ол көбінесе күз және қыс мезгілдерінде таралады. Тұмау жөтелу, түшкіру, сөйлесу арқылы ауа арқылы жұғады. Аурудың белгілеріне дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік, тамақтың ауруы, жөтел және мұрыннан су ағу жатады. Кей жағдайда тұмау асқынып, өкпе ауруларына алып келуі мүмкін.

Тұмаудың алдын алу үшін ең алдымен жеке бас гигиенасын сақтау қажет. Қолды сабынмен жиі жуу, бөлмені желдету, тазалық сақтау – аурудың таралуын азайтады. Сонымен қатар дұрыс тамақтану, дәрумендерге бай тағамдарды пайдалану, таза ауада серуендеу иммунитетті күшейтеді. Ауру адаммен жақын қарым-қатынаста болмау керек. Егер бала ауырып қалса, оны балабақшаға немесе мектепке жібермей, дәрігердің кеңесін алу қажет.

Желшешек – балалар арасында жиі кездесетін жұқпалы аурулардың бірі. Бұл ауру да вирус арқылы таралады. Желшешек кезінде баланың денесінде бөртпелер пайда болып, дене қызуы көтеріледі. Бөртпелер қышып, балаға ыңғайсыздық тудырады. Желшешек көбіне ауа арқылы және науқас адаммен байланыс кезінде жұғады.

Желшешектің алдын алу үшін наукас баланы басқа балалардан уақытша оқшаулау керек. Баланың жеке заттарын бөлек пайдаланып, бөлмені жиі тазалап, желдетіп отыру маңызды. Баланың тырнағын қысқа алып, бөртпелерді қасуына жол бермеу қажет. Дәрігердің нұсқаулығын орындап, арнайы емдік құралдарды қолдану керек.

Жұқпалы аурулардың алдын алуда ата-ананың рөлі өте маңызды. Ата-ана баланың денсаулығына мұқият қарап, уақытылы дәрігерге қаратуы керек. Баланың дұрыс ұйықтауы, пайдалы тағамдар жеуі және дене шынықтырумен айналысуы оның иммунитетін күшейтеді. Сонымен қатар балаларға тазалық сақтау ережелерін кішкентайынан үйрету қажет.

Қорытындылай келе, тұмау мен желшешек – жиі кездесетін жұқпалы аурулар. Бұл аурулардың алдын алу үшін тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, иммунитетті күшейту және дәрігер кеңесін орындау өте маңызды. Денсаулық – ең үлкен байлық. Сондықтан әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы керек.

№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

**№9 «Балапан» ортаңғы тобы
«Ата өнегесі - ұрпаққа аманат»
(аталар, әкелер мектебі)**

Тәрбиеші: Сәбитова А.С

Ақтөбе қаласы, 2025-2026 оқу жылы



Аталар өнегесі ұрпаққа аманат



Наурызнама онкүндігі
жоспарына сәйкес
балалар
«Елжандылық рухы»
тақырыбында
мультфильм
тамашалады



**«Жаңа өмір
сыйлайық!»**
Қалдық заттардан
жасалған қолөнер
бұйымдары көрмесіне
белсене қатысқан
бүлдіршіндер







*Жетістіктеріңіз
құтты болсын!*



№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

**№9 «Балапан» ортаңғы тобы
«Өнерлі ана – өнегелі ұрпақ» сайысы
(аналар мектебі)**

Тәрбиешілер: Сәбитова А.С. Исмаилова А.А.

Ақтөбе қаласы, 2025-2026 оқу жылы



№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

Ертеңгілік:

«Анашым-алтын жүрек!»

№9 «Балапан» ортаңғы тобы



Тәрбиешілер: Исмайлова А.А.
Сәбитова А.С.

2025-2026-оқу жылы

Анашым алтын жүрек!

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті, аяулы да асыл аналар! Көктемгі күндей жарқырап, гүлдей құлпырған гүл мерекелеріңіз құтты болсын! «Балапан» тобының «Анашым алтын жүрек» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!
(Музыка қосылады, балалар кіреді, орындарына отырады)

Тәрбиеші: ертеңгілігімізді бастау үшін алғашқы сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Айжан Ержанқызына береміз

Тәрбиеші: Балалар біз қандай мерекеге орай осы әсем залға келдік бүгін қандай мереке?

Балалар: аналардың әжелердің сұлу қыздардың мерекесі

Тәрбиеші: дұрыс айтасындар, Ана –барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. ертеңгілігімізді аналар сіздерге деген балалардың ыстық тілектерімен бастайық!

Тақпақтар: Мейірім, Алия, Ж.Әдемі, А.Әділет, Аяла, Алпарслан

Мейірім

Анашымды әрқашан
Сағынамын, сыйлаймын
Мейрам сайын мен оған
Түрлі сыйлық сыйлаймын!

Алия

Бөбегіңнің сыйлығын
Қабыл алшы анашым
Ұзақ өмір жүз жасап
Ауырмашы анашым

Ж.Әдемі

Әр сөзіңді жаттаған
Жүрегінде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам

А.Әділет

Жарқын жүзді жан анам
Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам!

Аяла

Баланың да тірегі
Ананың да тірегі
Шаншымасын ешқашан
Аналардың жүрегі

Алпарслан

Ақыл құйған санама,
Алғыс айтам анама.
Күн алыста ал анам,
Үнемі менің жанымда

Тәрбиеші: Балалар бізді ерекше шаттандырып, қуантатын тағы бір жайт бар. Біздің жанымызды жайнатар қандай мезгіл келіп жетті?

Балалар: Көктем

Ән: «Көктемде»

Тәрбиеші: Бүлдіршіндеріміздің аналарға арнайтын тамаша өнеріне куә болайық

Би: Көбелектер (Ясмина, Айзере, Адия, Әлия, Айымжан, Мариям)

Ойын: «Гүлге көбелекті қондыр» (Алпарслан, Заңғар, Арлан, Амир, Әділет)
(Әлия, Ясмина, Халида, Аяла, Асылым)

Тәрбиеші: Бүгін аналарымызбен қатар әжелерімізді де құттықтаймыз әжелерге арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар

Тақпақтар: А.Әдемі, Амир, Айымжан, Алихан, Ариана, Самида

А.Әдемі

Әже деген көп шығар
 Әжемдей менің жоқ шығар
 Мейірімді бұл кісі
 Қандай ғажап күлкісі

Амир

Аналарды сүйеміз
 Сөзін ойға түйеміз
 Әжені де ардақтап
 Әдеппен бас иеміз

Айымжан

Ақ әжемді арқашан
 Сыйлап жақсы көремін
 Қуантайын деп оны
 Өлең айтып беремін

Алихан

Ана деген ақылшын
 Анаң барда батырсын
 Қасыңда кім болса да
 Тек анаңа жақынсың!

Ариана

Бәріңіз де анасың,
 Біз үшін күн боп жанасың.
 Құтты болсын, мейрамың,
 Құттықтаймын анашым!

Самида

Анаң болса қасыңда
 Басқа бақыт не керек?
 Аналардың жүрегі
 Мейірімді ғой керемет!

Тәрбиеші: Құрметті әжелер мен аналар келесі биді балалар сіздерге арнайды

Би: «Ана» (жүрекпен) (Амир, Әділет, Заңғар, Абдурахман, Алихан, Арлан)

Тәрбиеші: «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» – деп халқымыз текке айтпаған, балаларымыздың әжелеріне арналған әніне а кезек берейік

Ән: «Әже»

Тәрбиеші: Әрі қарай бүлдіршіндеріміздің тақпақтарымен жалғастырайық

Тақпақтар: Халида, Айым, Асылым, Мариям, Ясмина

Халида

Бізді өсіріп баптаған,
 Жақсы болсақ шаттанған
 «Алтыным» деп мақтаған
 Айналайын, ақ анам!

Айым

Ақ анашым, аппағым
 Өзің жайлы тақпағым
 Өзің жайлы әнім де,
 Арнадым саған бәрін де!

Асылым

Ана біздің күніміз
 Ана біздің гүліміз
 Бізді ана қуантып
 Ұзақ өмір сүріңіз

Ясмина

Түнде сергіп жатпаған,
 Күндіз тыным таппаған,
 Менсіз тамақ татпаған
 Айналайын ақ мамам!

Мариям

Анашым, ақ таңым,
 Ақ сүтінді ақтаймын.
 Жүректе атыңды,
 Мәңгілік сақтаймын

Ойын: «Анамызды сәндейік» (Медина, Т.Адилет, Мухаммад)


Тәрбиеші: аналарға әжелерге арнап сұлу қыздарымыз әдемі би дайындады, кабыл алыңыздар

Би: Барби (Асылым, Ариана, А.Әдемі, Мейірім, Халида, Айым, Самида, Аяла, Ж.Әдемі)

Ән: «Анашым»

Тәрбиеші: Құрметті аналар мен асыл әжелер, сіздерді шын жүректен мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз әрқашан аман болсын!

(балалардың аналарға сыйлықтарды сыйлауы)



№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

**«Берекелі шаңырақ»
Ата-аналармен өткізілген зияткерлік танымдық
іс-шара**

**Өткізген: Қалабазарова Д.А.
Сәбитова А.С.**

2025-2026-оқу жылы

Тақырыбы: «Берекелі шаңырақ» атты зияткерлік-танымдық шара.

Шараның мақсаты:

- Отбасылық сыйластықты нығайту;
- Жастарға салт-дәстүрді дәріптеу;
- Зияткерлік қабілет пен шапшаңдықты дамыту

Жүргізуші сөзі:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар!

Бүгін біз шаңырақтың шаттығын, отбасының берекесін дәріптейтін шараға жиналып отырмыз.

Шаңырақ – әр отбасының жүрегі,

Берекесі мен бірлігінің тірегі.

Әр шаңырақта бақыт пен шаттық, мейірім мен сыйластық болсын!

Бүгінгі біз ата – аналарымыздың басын қосқан «Берекелі шаңырақ» атты зияткерлік-танымдық шараны бастаймыз. Бұл шарада сіздер түрлі қызықты ойындарға қатысып, білімдеріңізді көрсетесіздер. Ендеше шарамызды бастайық!

Қош келдіңіздер!

Алғашқы сөз кезегін меңгерушіміз Айжан Ержанқызына береміз!

Таныстыру

«Менің берекелі шаңырағым»

Әр ата-ана өз отбасы туралы қысқаша таныстырады.

Топқа бөлу: 1 топтың аты «Бірлік»

2 топтың аты «Ынтымақ»

1-кезең: Зияткерлік сұрақтар экранан ұяшықтар таңдау

“Тапқыр болсаң тауып көр”

1. Қазақтың ұлттық сусыны? **1 ұяшық**

(Қымыз)

2. Қазақтың ұлттық тағамы? **2 ұяшық**

(Бесбармақ)

3. Киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі қалай аталады? **(Шаңырақ) 3 ұяшық**

4. Баланың ең алғашқы ұстазы кім? (Анасы) 4 ұяшық
5. Жаңа түскен келіннің бетін ашатын жыр қалай аталады? (Жауабы: Беташар) 5 ұяшық
6. Төрт түліктің пірлерін атаңыз? (жауабы: Ойсылқара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Сексек ата) 6 ұяшық
7. Баланың алғашқы қадамына арналған салт? (жауабы: Тұсаукесер) 7 ұяшық
8. Бала 3, 5 немесе 7 жасқа толғанда жасалатын мұсылмандық парыз бен той? (жауабы: Сүндет той) 8 ұяшық
9. Көктемде мал төлдеп, сүт молайғанда жасалатын салт дәстүр? (Жауабы: Ұызға шақыру)

2-кезең: Мақал мәтелді табу Экраннан көрсетілетін суреттерге қарап жылдам жауап беру

3-кезең «Сөзсіз түсіндір» Әр топтан бір адам шығып 1 минут ішінде сөзсіз жасырылған сөзді ыммен түсіндіру керек

4-кезең «Сәйкесін тап» Екі топтан бір бір адамнан шығып жарысады

5-кезең «Анаграмма» Шатасқан әріптерді құрастырып, сөз құрау

Қорытынды

Жүргізуші сөзі:

Құрметті аға-аналар! 6 кезең тапсырмалары аяқталды. Ендігі сөз кезегі әділқазы алқасына беріледі. (алғыс хаттарымен марапатталады)

Жүргізуші сөзі:

Бүгінгі шарамызға белсенді қатысып, өз білімдеріңіз бен тапқырлықтарыңызды көрсеткендеріңіз үшін үлкен рахмет! Осымен “Берекелі шаңырақ” зияткерлік-танымдық шарамыз аяқталды. Сау болыңыздар!





№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

Ертенгілік:
«Кел, төрлет Наурыз!»
№9 «Балапан» ортанғы тобы



Тәрбиешілер: Исмайлова А.А.
Сәбитова А.С.

2025-2026-оқу жылы

«Кел, төрлет Наурыз!»

Жүргізуші: Құрметті қонақтар! Төл мерекеміз Наурыз мейрамы құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келеді. Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Наурыз келді, жайраң қақты таң күліп,
Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып.

Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!

Сен өмірдің көктемісін мәңгілік!

«Балапан» тобының «Кел, төрлет Наурыз!» атты танымдық іс әрекетіне қош келдіңіздер!

Ән «Наурыз»

Жүргізуші: Ұлыстың ұлы күнінде бүлдіршіндеріміз құттықтау тақпақтарын, жылы лебіздерін білдіреді

Тақпақтар:

Айым

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме

Байлық бақыт тілейін

Бүкіл қазақ еліне!

А.Әдемі

Наурыз тойын әдемі

Әжем еске түсірді

Біздерге арнап әдейі

Наурыз көже пісірді

Мейірім

Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуак шашып ақ жүзің!

Самида

Жыл басы- Наурыз мереке,

Ақ нұрға әлем боянды

Наурыз тойы береке

Тірішілік жаңа оянды

А.Әділет

Жылдың басы- Наурыз

Жердің басы Наурыз

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр әніміз

Ариана

Көктем келді, балақай

Жасарды жер, алақай

Наурыз тойын тойлайық

Әсем әнге салайық

Асылым

Ашылды да кебеже

Дәм әзірлеу басталды

Әжем наурыз көжеге

Жеті түрлі ас салды.

Жүргізуші: Тобымыздың сұлу қыздарының өнерін тамашалайық

Би: «Текемет»

Ойын: «Күш сынасу»

Жүргізуші: Балалар Ұлыстың Ұлы күні ақ бата беріп, шашу шашатын кім білесіндер ме?

Балалар: Наурыз Әже!

Жүргізуші: Ендеше ортаға ақ батасын беруге шашуын шашуға Наурыз әжемізді шақырайық!

Әже: «Наурыз келсе, құт келгені, халайық!»

Есік ашып, шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық (отырған қонақтарға шашу шашу)

Жүргізуші: Асыл Әже! Ортаға жайғасындар бүгін біздің «Гүлдәурен» ауылында үлкен той болғалы жатыр бізбен бірге тойлатыңыздар!

Қыдыр Ата: Жарайды құрметтеп бізді төрге шақырсандай

ешқандай қарсылығымыз жоқ.

Жүргізуші: Тобымыздың атқамінерлері бағе бiнiн ұсынады, тамашалаңыздар!

Би: «Бәйге»

Ән: «Көктемде»

Жүргізуші: Бәрекелді балалар. Тақпақты сондай жақсы айтады екенсіңдер. Енді балалар ұлттық ойын ойнайық

Ойын: «Арқан тарту»

Жүргізуші: Ал енді күш сынасуға, әркімнің өз ептілігін сынауға уақыт келіп жетті.

Жүргізуші: Батаменен ел көгерер, жаңбыр менен жер көгерер,- дегендей бүгінгідей ереше күнде де бата алайық.

Бата:

Ұлыс он болсын

Ақ мол болсын

Қайда барса жол болсын

Ұлыс баяқты болсын

Төрт түлік ақты болсын

Ұлыс береке берсін

Бәле жала жерге енсін!

Әже: О, халқым, кішкентай менің балаларым! Сендердің бүгін өнерлеріңді тамашаладым үлкен тойдың күәсі болдық тойларың тойға ұласа берсін халқымыз тыныш, еліміз аман болсын!

Жүргізуші: Бәрекелді, балалар! Даналарымыздың осындай ақыл сөздерін жанымызға сақтап, үлгі етіп, мұра етіп алып жүрейік



Балабақшамызда сәуір айында «Бала, отбасы, балабақша» атты ашық есік күні өткізілді. Ата аналар таңертеңгілік қабылдаудан кейін балалардың ойын іс әрекеттеріне қатысып, шынықтыру шараларын бірге орындап, балабақша күн тәртібімен жақынырақ танысты. Іс шара ата аналардың балабақша өміріне етене араласуы мен ата-ана мен балабақша сабақтастығын нығайта түсті.

Ата-аналарға арналған «Ашық есік күні»



№41 «Назерке»бөбекжай балабақшасы

№8 «Балапан»ортаңғы тобы
“ Сюжеттік рөлдік-ойындары”

Топ тәрбиеші:Шукаева Г.У.

2026ЖЫЛ

№9 “Балапан” ортаңғы тобы

Сюжеттік* ойын

Мақсаты :балалардың балабақшаның мақсаты, мұнда жұмыс істейтін адамдардың – тәрбиеші, бала күтуші, аспаз, музыка қызметкерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту, балаларды үлкендердің іс-әрекетіне еліктеуге, тәрбиеленушілеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. .

Жабдық: балабақшада ойнауға қажетті барлық ойыншықтар.



12-сәуір Ғарышкерлер күніне орай балабақшада ұйымдастырылған «Мен ғарышкер боламын» қолөнер байқауына «Балапан» ортаңғы тобының бүлдіршіндері белсене қатысты. Салған суреттер мен жасалған қолөнер туындылары көрмеге қойылып, балалар ғарыш әлеміне енгендей ерекше әсерде болды. Көрмеге қатысқан барлық балалар мен ата аналар мақтау қағаздарымен марапатталды.



12-сәуір Ғарышкерлер күніне арналған танымдық іс-әрекет



1-мамыр бірлік күніне
ұйымдастырылған «Күндей
күліп, бірге ойнайық»
тақырыптық сағатында
балаларға ынтымақ,
татулық, достық
тақырыбында
шығармашылық ойындар
ойнады



№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

Баяндама

«Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс»

Тәрбиешілер: Сәбитова А.С

Ақтөбе қаласы, 2025-2026 оқу жылы

Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс

Баланың тұлға болып қалыптасуында отбасы мен балабақшаның орны ерекше. Балабақша мен ата-ананың тығыз байланысы бала тәрбиесінің сапалы болуына үлкен әсер етеді. Өйткені бала уақыттың бір бөлігін отбасында өткізсе, екінші бөлігін балабақшада өткізеді. Сондықтан екі жақтың тәрбиелік бағыты бір-бірімен үйлесімді болуы қажет.

Балабақша – баланың алғашқы қоғамдық ортасы. Мұнда бала достарымен араласып, тәрбиешінің көмегі арқылы білім мен тәрбие алады. Ал ата-ана – баланың ең жақын жанашыры әрі алғашқы тәрбиешісі. Егер ата-ана мен тәрбиеші өзара түсіністікпен жұмыс жасаса, баланың дамуы да нәтижелі болады.


Ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату тәрбиешінің маңызды міндеттерінің бірі. Баланың мінез-құлқы, қызығушылығы, денсаулығы туралы ақпарат алмасу арқылы екі жақ бірлесе жұмыс жасайды. Мысалы, тәрбиеші баланың балабақшадағы жетістіктері мен қиындықтарын ата-анаға айтып отырса, ата-ана да үйдегі жағдайды бөлісіп отыруы керек. Осындай ашық байланыс баланың жан-жақты дамуына көмектеседі.

Қазіргі таңда балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайтудың түрлі жолдары бар. Ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері, мерекелік шаралар, бірлескен көрмелер мен сайыстар – өзара ынтымақтастықты арттырады. Сонымен қатар мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы да ақпарат алмасу жеңілдеді. Бұл ата-аналардың балабақша өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Егер балаға қойылатын талап екі ортада да бірдей болса, бала тәртіпке тез үйренеді. Мысалы, тазалық сақтау, үлкенді сыйлау, достарымен жақсы қарым-қатынаста болу сияқты қасиеттерді бала әрі үйде, әрі балабақшада үйренуі қажет.

Сонымен қатар ата-ананың балабақша өміріне қызығушылық танытуы баланың өзіне де жағымды әсер етеді. Бала ата-анасының өзінің жетістіктеріне көңіл бөлетінін сезініп, өзіне деген сенімі артады. Мұндай балалар белсенді, ашық және тәртіпті болып өседі.

Қорытындылай келе, балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс – бала тәрбиесінің негізгі тіректерінің бірі. Тәрбиеші мен ата-ана бірлесе жұмыс жасағанда ғана тәрбиелі, білімді, саналы ұрпақ қалыптасады. Сондықтан екі жақтың өзара сыйластығы мен ынтымақтастығы әрқашан маңызды.



«Таза Қазақстан!»
жалпыұлттық
экологиялық акцияға
топ ата-аналары белсене
қатысып бағалар ойын
ағанын жанартуға,
көркейтуге үлестерін
қосты.

АЛҒЫС ХАТ

Күз мезгіліне орай өткізілген “Күз сыйы”
атты күзгі жәрмеңкеге белсене қатысқан

№ 9 “Басарған” тобына

алғысымызды білдіреміз!

Менгеруші: А.Е. Карабалина



МАДАҚТАМА

"Күзгі бақ ғажайыптары"
атты қолөнер байқауында
2 орын алған үшін

9 "Баалап"

марапатталады.

Басшы:  А.Е. Карабалина

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша

Алғыс хат

«Ең үздік дамытушы орта»

байқауына белсене қатысып

«Ойынға шақырған әлем»

номинация бойынша

№9 «Балапан» тобы марапатталады

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша

меңгерушісі:

А.Е. Карабалина

2025 жыл



ДИПЛОМ

*Балабақшадағы ойын алаңын безендіруге
белсенді қатысып, шығармашылық шеберлігі мен
ерекше идеяларын көрсеткені үшін
“БАС ЖҮЛДЕГЕ” ие болған*

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

МАРАПАТТАЛАДЫ!!!

*№41 «Назерке» бөбекжай-балалар тәрбиесінің
меңгерушісі:*

А.Е.Карабина

